ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«НҰРДӘУЛЕТ» БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЁННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «НҰРДӘУЛЕТ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ШЕТСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

02. 09. 2024 ж

Ақсу-Аюлы ауылы

ПРИКАЗ

№ 1-17/7

село Ақсу-Аюлы

КМҚК«Нұрдәулет»

бөбекжайының

Қамқоршылық кеңесін құру туралы.

«Білім туралы» ҚР Заңының 44-бабының 9-тармағы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1.КМҚК»Нұрдәулет» бөбекжайында мемлекеттік емес,қоғамдық ұйым болып саналатын Қамқоршылық кеңес құрылсын.

2.Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін(1 қосымша)

3. Қамқоршылық кеңестің жұмысында Қазақстан Республикасы заңнамасын,Қамқоршылық кеңес жұмысының және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін,сонымен қатар КМҚК»Нұрдәулет» бөбекжайының жарғысын басшылыққа алу.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі:2016 ж.30 желтоқсан №3-18-5/4361-И Қазақстан Республикасы Білім және министрлігі Балалардың Құқықтарын қорғау комитетінің хаты, 2017 жылғы 27 шілдедегі№355 бұйрығына Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы.

Директор: С.Х. Хантурина

Қамқоршылық кеңестің

құрамын бекіту туралы

1.Қамқошылық кеңестің құрамы бекітілсін:

1) Төрайымы- Нильдибаева Рая Нуртаевна- Педагогикалық еңбек ардагері

2)Хатшысы-Мактабек Шолпан Тлеухановна:-бөбекжай шаруа меңгерушісі.

3) Кеңес мүшелері :- (РОВД) Жақыпбеков Ербол Аманболұлы ;

4)Толеккенова Баян Самбетовна.-жергілікті өкілдік орган;

5)Жосалбай Салтанат .Туякбайкызы.-бұқаралық ақпараттық құралдарының өкілі;

6)Агзамова Гульжан Жанатовна.-ата-анардың өкілі;

7)Тлеуберлин Ернур Талгатович.-ата-аналардың өкілі.

КМҚК»Нұрдәулет»бөбекжайының қамқоршылық кеңесінің
2024—2025 оқу жылына арналған
Жұмыс жоспары

1. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
1.1	**Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы отырысы:** 1. Мектепке дейінгі ұйымның 2023–2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы. 2. МДҰ Қамқоршылық кеңесі құрамының тізімін қалыптастыру. 3.МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау. 4. Қамқоршылық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу туралы.	**Қыркүйек–қазан 2024жыл**	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері, МДҰ меңгерушісі
1.2	**Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы отырысы:** 1.» МДҰ-ның келешегі мен даму жолдары» «2024–2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама. 2.Әртурлі	**Мамыр2025 жыл**	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері, МДҰ әкімшілігі

Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

17.09.2024 ж.
Қатысты: 12 адам

Күн тәртібі:

1.Қамқоршылық кеңестің міндеттері және функцияларымен танысу.
2.Міндеттерді бөлу,төраға мен хатшыны сайлау.
3.МДҰ қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту.

Тындалды:

Бөбекжай директоры Хантурина С.Х.,қамқоршылық кеңес мүшелерін кеңестің негізгі міндеттері мен функцияларымен таныстырды.
Қамқоршылық кеңестің қызметі білім беру ұйымының дамуына қолдау көрсетуге,тәрбиеленушілер үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етуге, ата-аналар мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталатыны айтылды.
Сонымен қатаркеңес мүшелеріне өз қызметінде ашықтық ,жариялылық,еріктілік және алқалылық қағидаттарын басшылыққа алу қажеттігі түсіндірілді.
Қамқоршылық мүшесі Жосалбай С.Т. :-Кеңес жұмысының жүйелі жүргізілуі және бөбекжай әкімшілігімен,ата-аналар қауымдастығымен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру маңызды екенің атап өтті.
2-ші мәселе бойынша :Кеңес мүшелері арасында міндеттерді бөлу,кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау мәселесі қаралды.
Кеңес мүшелерінің ұсыныстары тындалып,ашық дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау ұсынылды.
Кеңес мүшесі педагог-зейнеткер Нильдибаева Р.Н.Қамқоршылық кеңес төрағалығына кандидатурасын қайтадан ұсынды өзгеріссіз
Кеңес мүшелері бір ауыздан қайтадан сайланды
3-ші мәселе бойынша :
Тындалды:Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылды.
Жоспарда кеңес отырыстарын өткізу,бөбекжайдың оқу-тәрбие жұмысына қолдау көрсету,тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен қолайлы жағдайын қамтамасыз етуге ықпал ету, ата-аналармен ынтымақты нығайту,абаттандыру

және көгалдандыру жұмыстарына қатысу, мерекелік және қайырымдылық жұмыстарына қатысу,қолдау бағыттары қарастырылғаны айтылды.
Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылап, ұсыныстарын білдірді.

Шешімі :

1. Қамқоршылық кеңестің міндеттері мен функциялары туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Қамқоршылық кеңес төрайымы отырыстарды ұйымдастыру және кеңес жұмысына жалпы басшылық жасау жүктелсін.
3.Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мақұлдансын және бекітілсін.

Төрайымы: Хантурина С.Х.

Хатшысы: Мактабек Ш.Т..

КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «15» мамыр 2025 жыл

Қатысты: 12 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1.» МДҰ –ның келешегі мен даму жолдары»
2 .2024-2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама
3.Әртүрлі.

МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ

1.Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х., «2024-2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы» МДҰ-ның келешегі мен даму жолдары» тақырыбында жария баяндама жасады

Баяндама барысында 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасалып ,мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ,олардың физикалық,коммуникативтік,танымдық,зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру,әдістемелік жұмыстарды жетілдіру,заманауи пед. Әдіс-тәсілдерді қолдану ,ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Алдағы кезенде бөбекжайда дамыту үшін төмендегі бағыттарға басымдық беру ұсынылды.

1.Тәрбие мен оқыту сапасын одан әрі арттыру.
2.Педагогтердін кәсіьи құзіреттілігін жетілдіру.
3.Заттық-кеңістік дамытушы ортаны жетілдіру.
4.Мат-Тех. Базаны нығайту.
5.Бөбекжай қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және Қамқоршылық кеңеспен бірлескен жұмысты жетілдіру.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жария баяндама бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп,алдағы оқу жылында бөбекжайдың даму бағыттарын бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

2. **Екінші мәселе бойынша:**

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес төрайымы Нильдибаева Р.Н. кеңестің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы қысқаша қорытынды ақпарат берді.

Кеңес мүшелері бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы,жазғы сауықтыру кезенің ұйымдастыру ,аумақты аббатандыру және көгалдандыру ,балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету,ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстары тыңдалып ,алдағы уақытты бөбекжай әкімшілігімен бірлескен жұмысты жалғастыру қажеттігі айтылды.

ШЕШІМ:

1 Бөбекжай Меңгерушісінің 2024-2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы туралы жария баяндамасы назарға алынсын.

2 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстары келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру кезінде ескерілсін .

Төрайым: **/Нильдибаева Р.Н./**

Хатшы: **/Мақтабек Ш.Т./**